

"Шығыстың және осы заманғы медицинаның республикалық шаруашылық есептегі ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 ақпан N 296

"2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 P000912_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Шығыстың және осы заманғы медицинаның республикалық шаруашылық есептегі ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мемлекеттің жарғылық капиталға жүз пайыздық қатысуымен "Халық медицинасының республикалық ғылыми-практикалық орталығы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қоғам жарғысын бекіту кезінде қызметінің негізгі мәні: медициналық қызметпен халық медицинасының әдістерін және құралдарын п а й д а л а н а отырып, а й н а л ы с у ;

халықты диагностикалаудың, сауықтырудың және емдеудің халық медицинасы саласындағы ғылыми негізделген әдістерін әзірлеу және практикаға енгізу;

халық медицинасымен айналысатын адамдарды оқыту және біліктілігін көтеруді ұйымдастыру болып белгіленсін;

2) Қоғам мемлекеттік тіркелгеннен кейін белгіленген тәртіппен шығарылған жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен 25 пайыздан аспайтын сомаға акциялардың қосымша эмиссиясын шығару жолымен оның жарғылық капиталын ұлғайту шараларын қабылдасын. Акциялардың қосымша эмиссиясын орналастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 P991191_ қаулысымен бекітілген Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-техникалық сала ұйымдарын акционерлік қоғамдарға қайта ұйымдастырудың ережелеріне сәйкес ж ү р г і з с і н ;

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін акциялардың мемлекеттік пакетін сатуды жүзеге асырсын;

4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Ү к і м е т і н і ң
2001 жылғы 28 ақпандағы
N 296 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-36-жолмен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"123-36 "Халық медицинасы орталығы" ЖАҚ-ы.

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659_
қ а у л ы с ы н а :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесіндегі:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігіне"
б ө л і м і н д е :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігіне;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 226-1-жолмен толықтырылсын:

"226-1 "Халық медицинасы орталығы" ЖАҚ-ы.

4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 P991852_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 527-құжат)

:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

2 "Мемлекеттік кәсіпорындар" бөліміндегі реттік нөмірі 55-жол алынып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК